**« Сазген» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС**

# Өндірістік кеңес хаттамасы

2021-2022 оқу жылы

**Өндірістік кеңестің хаттамасы №4**

---

# ХАТТАМА

05.05.2022ж

Ш.Ділдәбеков а\о  Бірлік е\м                                    Қатысқандар саны- 9

**Күн тәртібінде:**

**1.** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

**2.** Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау

**3**. Бала денсаулығын нығайту жаз мезгілінде болатын алдын алу шаралары

**4.** Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау

**5.** Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.

**1. Тыңдалды**: балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова өткен кеңес шешімін талқылады. Балаларға сапалы тамақ беріліп жатқандығы және де тамақтанар алдында гигиеналық шараларды қатаң ұстанып жатқандығы жөнінде мәлімдеді. Балабақша іші таза, жылы екнін айта кетті. Сонымен қатар балабақша ауласында көгалдандыру жұмысы да жүргізіліп жатқандығын алға тартты.

**2.Пікір білдірді:** балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова сөз сөйледі. Жаз мезгілі басталғанда балаларды рационалды тамақтандыру қажет екенін айтты. Бала ағзасы әлсіремеу үшін өсіп дамып жетілу үшін құрамында ақ уыздар мен,көмір сулар бар витаминге бай өнімдерді жеу қажеттігін алға тартты. Жеміс жидектер,қайнатылған жұмыртқа ,кампот т.б. өнімдерді баланың тамақатану режиміне қосу керектігін айтып өтті.Медбике және аспазшы менюді бақлауға алатынын айтып келісті.

**3.Пікір білдірді:** Балабақаша әдіскер:Т.Бекболатова сөз сөйледі. Жаз мезгілі басталған сәттен бала денсаулығына мұқияттылық таныту керектігін алға тартты.Жаз мезгілінде әр түрлі жеміс жидектермен көкөністердің пісуіне

байланысты, балалар жумай жеу арқыл іш ауруына шалдығыуын бақлау керектігін ескертті.Бала денсаулығын нығайта түсу үшін балаға күнделікті жаттығу жасатып тұру керектігін де еске салды. Тәрбиеші мен медбике мұндай кезеңде ата-анамен тығыз байланыста болып, ауырып қалудың алдын алу қажет екенін ескертті. Қызметкерлер келісті.

**4**. **Пікір білдірді**: Балабақша әдіскері:Т.Бекболатова сөз сөйледі. Жаз мезгілі басталып күн жылынғансоң әрине баршамыз ыстық топта отыра алмаймыз. Сол себепті балабақашның ауласын тазартып, балалар ойнайтын алаңға әткеншектерді, тербелмелі ат, қайық, үйшік секілді ойын заттарын жөндеп тексеруден өткізу қажеттігін айтты. Балабақша жұмысшысы келісті.

**5.**Балабақша меңгерушісіЭ.Раймкулова сөз сөйледі. Жаз мезгілінде балабақшада ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу керектігін айтып өтті. Балалардың қауіпсізідігі үшін және таза жерде отыруы үшін балабақшаның ескірген жихаздарын жөндеп,баланың төсек орындарын қағып салуды сонымен қатар балабақашда әктеу сырлау жұмыстары жүргізілуі тиіс екенін жоспарлау керектігін алға тартты.Ауланың ойлы қырлы жерлерін тегістеп бала ойнауы үшін қолайлы ету керектігін айтты. Қызметкерлер келісті.

**Шешім:**

**1.** Жаз мезгілі кезінде балалар сапалы тамқануы қадағалансын.Балалар дәруменге бай жеміс жидектер мен тамақтансын.

**2**. Жаз мезгілінде болатын ауруларды болдырмау үшін медбике жұмыс жасап ата-анамен байланыста болсын.

**3.**Балалар аулада қауіпсіз ойнауы үшін балабақаша алаңдары дайындалсын.Сонымен қатар ағымды жөндеу жққұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Т.Бекболатова

Хатшысы: А.Ыдырыс

**Өндірістік кеңестің хаттамасы №3**

---

## ХАТТАМА

10.03.2022ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м Қатысқандар саны- 10

**Күн тәртібінде:**

**1.** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

**2.** Тамақтану кезінде гигиеналық талаптардың сақталуы жөнінде есебі.

**3.** «Өрт және қауіпсіздігін сақтау» туралы нұсқаулық

**4.** Көгалдандыру жұмыстары

**1. Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова балабақшада өткен өндірістік кеңесті талқылады. Балаларға тамақтану кезіндегі тазалық шаралары сақталып жатқандығын, гигиеналық талаптар қатаң қадағаланып жатқанын айтты. Қол жууға арналған барлық құралдар да жеткілікті екенін айта кетті.

Балабақшамыз газ отынымен жылытылғандықтан балабақша іші өз дәрежесінде жылы екенін мәлімдеді. Өткізілген барша ертеңгілікте бала қауіпсіздігі қатаң сақталып жатқандығы, балабақшада барлық мүліктер жаңартылған,жарамсыз мүліктердің жоқ екенін де мәлімдеді.

**2.Пікір білдірді:** балабақаша медбикесі:А.Сагиндыкова сөз сөйледі. Балабақшада балалардың тамақатанар алдында гигиеналық талаптарды сақатап жатқандығын және ол үшін барлық қол жуғыштар, сабын, сұйық сабын, антисептки жеткілікті екенін мәлімдеді.

**3Пікір білдірді:** Балабақашаның барлық қызметкерлері мен балаларға өрт қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулық айтылды. Нұсқаулықты әр топтың тәрбиешілері түсіндіріп өтті.Балаларға өрт қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда

қандай оқиғалар, қиын жағдайлар орын алатындығын суреттер арқылы түсіндіріп өтті.

**4**. **Пікір білдірді**: балабақшаның жұмысшы қызметкері Юсупова Г балабақаша ауласында көгалдандыру жұмысы қоға алынып аулаға ағаштар, әдемі гүлдер егіліп жатқандығын, сондай ақ аула арам шөптермен қоқыстардан тазартылып жатқандығы жөнініде мәлімдеді.

**Шешім:**

**1.** Балаларға сапалы тамақтандырылсын,сонымен қатар тамақтанар алдында гигиеналық шаралар сақталсын. Қол жуаттын сабындар т.б құралдар жеткілікті болсын.

**2**. Балабақша ауласын көгалдандыру жалғастырылып аулаға қоса әсем гүлдер егілсін.

**3.**Балаларды іште де ,аулада да ойнатқан кезде сақтық шаралары қолға алынсын.

Кеңес төрайымы: Т.Бекболатова

Хатшысы: А.Ылдырыс

**Өндірістік кеңестің хаттамасы №2**

---

## ХАТТАМА

11.12.2021ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м Қатысқандар саны- 12

**Күн тәртібінде:**

**1.** Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

**2.** Тамақтану кезінде балалардың мәдени гигиеналық талаптарының сақталуы.

**3**. Жылу жүйесін текесру.

**4**. Мүліктерді түгелдеу жұмысын жүргізу

**5**. Жаңа жыл ертеңгілігінде қауіпсіздікті сақтау.

**1.Тыңдалды** балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова балабақшада барлық топтар өз деңгейінде талапқа сай жабдықталғанын және балалар тізімдері анықталғанын айтып өтті.

Сонымен қатар қызметкерлер күн тәртібімен таныстырылып өз лауазымдық міндетіне сай қызмет атқаруда. Әр іс шара өткізілген сайын техника қауіпсіздігі сақталып жатқандығында айтып өтті.

**2. Медбике:** біздің балабақашда әр топта қол жуғыштар бар екенін және онда салқын жылы судың ағып турғандығын мәлімдей келе балалар гигиеналық талаптардың қатаң сақталып жатқандығын және әр тамақтанар алдында балалар қолдарын сұйық сабынмен жуып жатқандығын әр бала өз майлығына сүртінетінін атап айтып өтті. Балаларға күніне үш мезгіл тамақ ұйымдастырлған. Сонымен қатар балалар жатар алдында төсек орнына арнайы кимде ұйықтайтынын айтып өтті.

**3Пікір білдірді:** Шаруашылық меңгерушісі:Сабенова А балабақша газ отынымен жылытылатынын және жылыту пеші автоматтандырылғанын айтып өтті. Барлық топ бір қалыпты температурада жылы екендігін айтты. Күзетші:Юсупова Г балабақашның жылуын өзі қадағалап отыратындығын ескертті.

4. **Пікір білдірді**: Шаруашылық меңгерушісі:Сабенова А балабқашдағы мүліктерді түгеледеп шықты әр бір топтағы отыратын орындықтар мен столдар киім ілетін шкафтар өз деңгейінде екенін басқа да мүліктердің түгел екенін айтып өтті.

**5.Пікір білдірді**: Балабақаш әдіскері жаңа жыл ертеңгілігі өтілетін кезде барлық қауіпсіздік шаралары сақталатынын айтып өтті. Электр ток көздері және баланың құлап қалмауы тағы да басқа жағдайларда сақтық шарасына мұқият болатынын айтты.

**Шешім:**

**1.** Балаларға сапалы тамақтандырылсын,сонымен қатар тамақтанар алдында гигиеналық шаралар сақталсын.

**2**. Жылу жүйесіде ауа райына қарай балалардың жаурап қалмауы қадағлансын.

**3.**Жаңа жыл ертеңгілігінде қауіпсіздік шаралары сақталсын.

Кеңес төрайымы: Т.Бекболатова

Хатшысы: А.Ыдырыс

**Өндірістік кеңестің хаттамасы №1**

---

# ХАТТАМА

06.09.2021ж

Ш.Ділдәбеков а\о Бірлік е\м Қатысқандар саны- 12

**Күн тәртібінде:**

**1.**Жазғы сауықтыру шараларының,ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы.

**2.**Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау.

**3**.Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі мен ішкі еңбек тәртібі лауазымдық міндеттерімен таныстыру.

**4.**Жұмыс уақындағы еңбек қауіпсіздігімен таныстыру.

**5.** Балабқша мейірбикесінің есебі

**1.Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова. жазғы сауықтыру шараларының жақсы деңгейде өткенін,және де жаңа оқу жылына дайындық ретінде балабақашның мүлкіне жөндеу жұмыстары жүргізілгенін.Жиһаздардың бәрін реттеп, топтарға тазалық жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті.

**2.Тыңдалды:**Сонымен қатар, стандарт талаптарына сай топтардың жабдықталуы, топқа тазалық жүргізілуімен қатар керекті көрнекі құралдар оқу қызметіне қажетті заттар жеткізілгенін айтты.Тәрбиешілермен бірлесе отырып балалар тізімін топқа жасына сай етіп бөлгендігін жеткізді.

**3.Пікір білдірді:** меңгеруші қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібі ережелерімен таныстырды. Бұл ережелер ҚР заңнамаларының талаптарына сай бағытталаған. Жұмысқа қабыллдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік

ережелерінбілуі керек.Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімде медициналық бақылаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзған жағдайда ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралары қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Балабақша әдіскері тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындау керектігін түсіндірді. Әр кім өз пікірлерімен сұрақтарын қою барысында бір ауыздан келісті.

Қызметкерлерге лауазымдық міндеттері таратылып берілді. Меңгеруші осы міндеттерді орындау керектігін ескертті.Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық талаптармен танысып әрі бала өмірі мен денсаулығына жауапты екенін түсінгенін айтты.

**4.Тыңдалды:** меңгеруші:Э .Раймкулова. балабақша қызметкерлерін жұмыстағы еңбек қауіпсізідігімен таныстырып өтті қызмтекерлерге жұмыста еңбек құралдырына ұқыпты болуға, электр, ток көздерін қолданған кезде сақ болу керектігін ескертіп өтті. Барлық қызметкерлер еңбек қауіпсіздігімен танысып шықты.

**5.Тыңдалды:**Балабақша медбикесі: А.Сагиндыкова өз міндеттерін орындауда барлық қызметкерлермен тығыз байланыста болуы керектігін, тәрбиешілер мейірбикелермен бірлесе отырып, сауықтыру шараларын жүргізеді, баланың денсаулығын дамытатын ең негізгісі баланың өмірі мен денсаулығына жауап беретінін ескертті. Сол себепті барлық қызметкерлер өз міндетіне мұқият болуды ескертіп өтті. Қызметкерлер лауызымдық міндеттерімен танысып қолдарын қойды.

**Шешім:**

**1.**Балабақшада ағымды жөндеу жұмыстарының жүргізілгендігі тексерілсін.

**2**. Стандарт талаптарына сай топтар жабдықталсын,балалар тізімдері анықталсын.

**3.**Балабақшаның ішкі еңбек ережесі және күн тәртібімен таныстырылсын, қатаң сақталсын. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.

Кеңес төрайымы: Т.Бекболатова

Хатшысы: А.Ылдырыс